

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік Кәсіпорны Басқармасының 2023 жылғы «29» желтоқсандағы № 76 шешімімен бекітілген**

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты**

**Астана қаласы, 2023 жыл**

## 1 тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты (бұдан әрі – Саясат) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – Кәсіпорын) өзге де ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Саясат келесіні белгілейді:

1) Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі ережелері;

2) Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі басқару және ұйымдастыру негіздері;

3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар;

4) Кәсіпорын қызметкерлерінде Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының және Кәсіпорынның ішкі құжаттарының талаптарын мүлтіксіз сақтау бойынша мінез-құлықты тәрбиелеу.

3. Саясаттың мақсаты сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және анықтау бойынша бақылауды күшейту, сондай-ақ Кәсіпорында оларды қатаң қабылдамау ахуалын қалыптастыру болып табылады.

4. Саясаттың міндеті еңбек міндеттерін орындау кезінде адалдық пен ашықтық қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ететін Кәсіпорын қызметкерлерінің құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

5. Саясатта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) мүдделер қақтығысы – Кәсіпорын басшылары мен қызметкерлерінің жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өздерінің лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін;

2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

3) сыбайлас жемқорлық – Кәсіпорын қызметкерлерінің жеке өзі немесе делдалдар арқылы мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтарды не үшінші тұлғаларды алу немесе алу мақсатында өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді заңсыз пайдалануы, сол сияқты осы адамдарға игіліктер мен артықшылықтар беру жолымен пара беру;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар

жасауға және олардың салдарын жоюға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі өз өкілеттіктері шегіндегі қызметі;

5) контрагент – Кәсіпорын азаматтық заңнамамен реттелетін қатынастарға түскен немесе оған кіруді жоспарлап отырған жеке немесе заңды тұлға;

6) Кәсіпорында басқару функцияларын орындайтын тұлға – Кәсіпорында ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша не арнайы өкілеттік бойынша орындайтын тұлға;

7) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген тұлғалар – сатып алуды ұйымдастыру және өткізу жөнінде шешімдер қабылдауға уәкілетті, оның ішінде мемлекеттік, не жобаларды іріктеу мен іске асыруға жауапты тұлғалар;

8) қызметкер – Кәсіпорынмен еңбек қатынастарында тұратын жеке тұлға;

9) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті.

## **2 тарау. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың түрлері**

6. Саясат сыбайлас жемқорлық қылмыстар/құқық бұзушылықтар жасауға толық тыйым салуды көздейді, оның ішінде:

1) пара алу немесе беру;

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес өзге де мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу;

3) қаржылық есептілікті қасақана бұрмалау;

4) Кәсіпорын активтерін заңсыз пайдалану және (немесе) иемдену және (немесе) ұрлау: ақша қаражатын ұрлау, ақша қаражатын мақсатсыз пайдалану, негізгі құралдарды, тауар-материалдық құндылықтарды ұрлау;

5) сыбайлас жемқорлық сипаттағы іс-әрекеттер, лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану және лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану: мүліктік пайда алу үшін өзінің лауазымдық өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді пайдалану, құжаттарды қолдан жасауда және (немесе) қол сұғуда көрсетілген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде бұзушылықтар, тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге бағаны арнайы асыра бағалау немесе төмендету ақшалай сыйақылар, сыйлықтар немесе өзге де пайда алу, Кәсіпорын қызметі үшін маңызы бар ақпаратты қасақана жою, деректер базасын жою немесе олардағы мәліметтерді өзгерту, үшінші тұлғалардың қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін немесе жеке мақсаттарда бағдарламаларды енгізу;

6) қосымша пайда алу мақсатында контрагенттер жасайтын іс-әрекеттер, соның салдарынан Кәсіпорынға және (немесе) мемлекетке залал келтірілуі мүмкін өзге де іс-әрекеттер;

7) контрагенттердің алдау немесе жаңылыстыру және Кәсіпорын есебінен пайда алу мақсатында көрінеу жалған, өзгертілген не бұрмаланған ақпарат беруі;

8) пайда алу және (немесе) қызметке залал келтіру және (немесе) Кәсіпорынның беделіне теріс әсер ету мақсатында Кәсіпорынның ақпараттық жүйелеріне рұқсатсыз кіруге немесе құпия ақпаратты иемденуге бағытталған іс-әрекеттер;

### **3-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары**

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары мыналарды қамтиды:

- 1) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау;
- 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды бекіту;
- 3) Кәсіпорында басқарушылық функцияларды орындайтын тұлғалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауы;
- 4) қаржылық бақылау шаралары;
- 5) мүдделер қақтығысының алдын алу және шешу;
- 6) Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар туралы уәкілетті органға есептілікті ұсыну.

### **4-тарау. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау**

8. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау (бұдан әрі – Талдау) деп сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептерді анықтау және зерделеу жөніндегі қызмет түсініледі.

9. Талдау объектісі Кәсіпорынның қызметі болып табылады.

10. Талдауды Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі (бұдан әрі – Қызмет) Кәсіпорынның Басқарма Төрағасының бұйрығы (бұдан әрі – бұйрық) негізінде жүргізеді. Қажет болған жағдайда қызмет Кәсіпорынның Басқарма Төрағасының келісімі бойынша жұмыс тобының құрамына сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін жұртшылық өкілдерін және өзге де сарапшыларды тарта алады.

11. Бұйрық келесі ақпаратты қамтуы керек:

- 1) қызметі талдауға жататын бөлімшенің атауы;
- 2) талдау жүргізу мерзімдері;
- 3) талдау бағыты;
- 4) талдау жүргізетін құрылымдық бөлімше, Кәсіпорындағы басқару функцияларын орындайтын тұлға немесе жұмыс тобының дербес құрамы туралы;
- 5) талдаумен қамтылатын кезең;
- 6) басшылық, үйлестіру және талдау жүргізу және жұмыс нәтижелері үшін жауапкершілік жүктелетін басқару функцияларын орындайтын тұлға туралы.

12. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

- 1) талдау объектісінің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Кәсіпорынның ұйымдық-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

13. Құрылымдық бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметімен мәселелер көтеріледі:

1) персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдарды айқындау;

2) мүдделер қақтығысын реттеу;

3) жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;

4) ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;

5) ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелер.

14. Талдау жүргізу үшін ақпарат көздері:

1) талдау объектісінің қызметін реттейтін құқықтық актілер, ішкі құжаттар;

2) талдау объектісінің қызметі туралы ведомстволық статистикалық есептілік;

3) талдау объектісінің қызметі туралы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының ақпараттық жүйелерінің деректері;

4) талдау объектісіне қатысты бұрын мемлекеттік органдар жүргізген тексерулердің нәтижелері;

5) ішкі аудит қызметтерінің бақылау іс-шараларының нәтижелері;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері;

7) бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдар;

8) талдау объектісіне қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;

9) талдау объектісінің қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін анықтау және жауапқа тарту туралы мәліметтер;

10) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бұрын жүргізілген ішкі талдау нәтижелері;

11) талдау объектісі қызметкерлерінің сауалнамасының (сұхбатының) нәтижелері;

12) ұсынуға Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де мәліметтер.

15. Талдау нәтижелері бойынша мыналарды қамтитын талдамалық анықтама дайындалады:

1) анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы ақпаратты;

2) оларды жою жөніндегі ұсынымдар;

3) осы Үлгілік қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша айқындалған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдардың тізбесі.

16. Талдамалық анықтама Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен келісіледі және оған Басқарма Төрағасы не оны алмастыратын тұлға талдау аяқталған күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей қол қояды.

17. Талдау нәтижелері Интернет-ресурста сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бөлімінде орналастырылады.

## **5-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар**

18. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар Кәсіпорын басшылары мен қызметкерлерінің өз функцияларын жүзеге асыру және өкілеттіктерін орындау кезіндегі әрекеттерін анықтайды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың қағидаттары заңдылық, ашықтық, әдептілік, мүдделер қақтығысын болдырмау және жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау болып табылады.

## **6-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер**

19. Кәсіпорында басқарушылық функцияларды орындайтын адамдардың өз өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануына әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттер жасауына жол бермеу мақсатында аталған адамдар өздеріне мыналар бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайды:

1) Кәсіпорында функционалдық міндеттерді орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асыру;

2) жақын туыстарының, жұбайлары мен жекжаттарының бірлескен жұмысына жол бермеу;

3) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе шығару мақсатында ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалануға;

4) егер мұндай іс-әрекеттер осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген адамдардың өкілеттіктеріне кіретін болса, оларды ұсынған адамдардың пайдасына іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді қабылдау немесе лауазымдық жағдайға байланысты бұл адамдар мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал етуі мүмкін;

5) Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде орналасқан шетелдік банктерде шоттар (салымдар) ашуға және иеленуге, Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде орналасқан шетелдік банктерде қолма-қол ақша мен құндылықтарды сақтауға құқығы бар.

Кәсіпорында басқару функцияларын орындайтын адамдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға келісімін Кәсіпорынның персоналмен жұмыс және іс жүргізу департаменті жазбаша нысанда тіркейді.

Кәсіпорында басқару функцияларын орындайтын адамдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамауы лауазымға қабылдаудан бас тартуға не лауазымнан босатуға әкеп соғады, оларды сақтамау жұмыстан шығаруға негіз болып табылады.

20. Кәсіпорында басқару функцияларын орындайтын адамға тыйым салынады:

1) егер шаруашылық жүргізуші субъектіні басқару немесе басқаруға қатысу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес олардың лауазымдық міндеттеріне кірмесе, шаруашылық жүргізуші субъектіні басқаруға дербес қатысуға, мүліктік немесе өзге де игіліктер алу мақсатында өзінің қызметтік өкілеттіктерін заңсыз пайдалану жолымен ұйымдардың немесе жеке тұлғалардың материалдық мүдделерін қанағаттандыруға жәрдемдесуге;

2) ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында пайларды, ашық және аралық инвестициялық пай қорларын, бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында облигацияларды, коммерциялық ұйымдардың акцияларын (ұйымдардың дауыс беретін акцияларының жалпы санының бес пайызынан аспайтын көлемде жай акциялар) сатып алуды және (немесе) өткізуді қоспағанда, кәсіпкерлік қызметпен айналысуға;

3) педагогикалық, ғылыми және басқа шығармашылық қызметтен басқа ақылы қызметпен айналысу.

21. Кәсіпорында басқару функцияларын орындайтын тұлғалар меншік құқығында өздеріне тиесілі тұрғын үйді мүліктік жалдауға (жалға алуға) беруге және осындай тапсырудан табыс алуға құқылы.

22. Кәсіпорында басқару функцияларын орындайтын адамдар қызметке кіріскен күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде осы функцияларды орындау уақытына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сенімгерлік басқаруға өздеріне тиесілі мүлікті беруге міндетті, оны пайдалану ақша, облигациялар, ашық және аралық инвестициялық пай пайларын қоспағанда, табыс алуға әкеп соғады заңды түрде осы тұлғаларға тиесілі қорларды, сондай-ақ мүліктік жалдауға берілген мүлікті қамтиды.

23. Мүлікті сенімгерлік басқаруға арналған шарт нотариаттық куәландыруға жатады.

24. Кәсіпорындағы басқару функцияларын орындайтын тұлғалар акцияларды сатып алған жағдайда оларды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сатып алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде сенімгерлік басқаруға беруге міндетті. Кәсіпорында басқару функцияларын орындайтын тұлғалар Кәсіпорынның персоналмен жұмыс және іс жүргізу департаментіне мүлікті сенімгерлік басқаруға арналған нотариат куәландырған шарттың көшірмесін шарттың нотариат куәландырғаннан кейін он жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.

25. Кәсіпорында басқару функцияларын орындайтын адамдардың осы Саясаттың 24-тармағында көзделген міндеттемелерді орындамауы олардың тиісті өкілеттіктерін тоқтатуы үшін негіз болып табылады.

26. Кәсіпорында басқару функцияларын орындайтын адамдар өздерінің жақын туыстары және (немесе) жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары атқаратын лауазымдарға тікелей бағынысты лауазымдарды атқара алмайды, сондай-ақ жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) және (немесе) жекжаттарының тікелей бағынысындағы лауазымдарды атқара алмайды.

Кәсіпорында басқару функцияларын орындайтын, саясаттың осы тармағының талаптарын бұзатын адамдар, егер олар көрсетілген бұзушылық анықталған сәттен бастап үш ай ішінде оны өз еркімен жоймаса, осындай бағыныстылықты болдырмайтын лауазымдарға ауыстырылуға жатады, ал мұндай ауыстыру мүмкін болмаған кезде осы қызметшілердің бірі лауазымнан босатылуға немесе көрсетілген функциялардан өзге де босатылуға жатады. Жақын туыстар деп – ата - аналары (ата-анасы), балалары, асырап алушылары, асырап алынғандары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, атасы, әжесі, немерелері, жекжаттары деп – ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері, апа-сіңлілері, ата-аналары және жұбайының (зайыбының) балалары түсініледі.

## **7-тарау. Қаржылық бақылау шаралары**

27. Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны Кәсіпорынның барлық қызметкерлері мен олардың жұбайлары ұсынады.

Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, активтер мен міндеттемелер туралы декларация бір рет табыс етіледі.

28. Кірістер мен мүлік туралы декларацияны Кәсіпорында басқару функцияларын орындайтын тұлғалар және олардың жұбайы (зайыбы), одан кейін Кәсіпорынның барлық қызметкерлері активтер мен міндеттемелер туралы декларация табыс етілген жылдан бастап жыл сайын табыс етеді.

29. Активтер мен міндеттемелер, кірістер мен мүлік туралы декларациялар Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жасалады және Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалған нысан бойынша, тәртіппен және мерзімдерде ұсынылады.

30. Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны және (немесе) кірістер мен мүлік туралы декларацияны ұсынбау немесе егер жасалған әрекетте қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, толық емес, анық емес мәліметтерді ұсыну Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінде көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

31. Кәсіпорынның персоналмен жұмыс және іс жүргізу департаменті есепті күнтізбелік жылдан кейінгі жылдың 31 желтоқсанынан кешіктірілмейтін мерзімде Кәсіпорынның интернет-ресурсында Кәсіпорындағы басқару функцияларын орындайтын тұлғалардың декларацияларды тапсырғаны туралы хабарлама орналастырады.

## **8 тарау. Мүдделер қақтығысының алдын алу және шешу**

32. Кәсіпорындағы мүдделер қақтығысын басқару бойынша жұмыс келесі принциптерге негізделген:

1) туындаған немесе ықтимал мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашу міндеттілігі;



2) әрбір мүдделер қақтығысы анықталған кезде Кәсіпорын үшін бедел тәуекелдерін жеке қарау және бағалау және оны реттеу;

3) мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашу процесінің және оны реттеу процесінің құпиялылығы;

4) мүдделер қақтығысын реттеу кезінде Кәсіпорын мен қызметкердің мүдделерінің тепе-теңдігін сақтау;

5) қызметкер уақтылы ашқан және Кәсіпорын реттеген (алдын алған) мүдделер қақтығысы туралы хабарлауға байланысты қызметкерді қудалаудан қорғау.

33. Туындаған (бар) мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді, оның ішінде мүдделер қақтығысына әкеп соғатын немесе әкеп соғуы мүмкін лауазымдық міндеттерді орындау кезінде жеке мүдделіліктің туындауы туралы хабарламаларды, арыздар мен өтініштерді (бұдан әрі — хабарлама) қабылдауға жауапты болып Кәсіпорын Қызметі табылады.

Мүдделі тұлғалар Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне, оның ішінде мүдделер қақтығысына әкелетін немесе әкелуі мүмкін кез келген жеке мүдделілік туралы мәліметтерді кідіріссіз хабарлауға және объективті және әділ шешімдер қабылдауға кедергі келтіруі мүмкін кез келген қатынастардан немесе әрекеттерден аулақ болуға ұсынымдар алғанға дейін хабарлауға тиіс.

## **9 тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар туралы уәкілетті органға есептілікті ұсыну**

34. Кәсіпорын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы есепті уәкілетті органға ұсынады.

35. Есепте келесі мәліметтер бар:

1) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың орындалуы немесе жоспары туралы мәліметтер;

3) анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар бойынша мәліметтер.

## **10 тарау. Қорытынды ережелер**

36. Кәсіпорынның барлық қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қылмыстық, әкімшілік, азаматтық-құқықтық және/немесе тәртіптік жауаптылықта болады.

37. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін қылмыстық, әкімшілік немесе тәртіптік жауапкершілік шаралары қолданылған Кәсіпорынның барлық қызметкерлері Кәсіпорынға материалдық залалды өтеу бойынша жауапкершіліктен босатылмайды.

38. Осы Саясатта көзделмеген өзгесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.